ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
ШЕШІМ

2025 жылғы 12 тамыз Іс №1513-25-00-2/1557 Ақтөбе қаласы

Ақтөбе облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Ж.С.Жұбатова,
сот отырысының хатшысы А.Н.Абдраева отырып,
сот ғимаратында «Whatsapp» мобильдік қосымшасы арқылы ашық сот отырысында қойылған талап бойынша электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Ақтөбе облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Бокстен олимпиада резервін даярлайтын балалар-жасөспірімдер облыстық мамандандырылған спорт мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
жеке кәсіпкер «Nur-Adil» Нұрәділ Темірбекұлы Еламан

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
- мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану

СОТҚА ҚАТЫСҚАН:
талап қоюшының өкілі – И.Б.Ауханов
жауапкер – Н.Т.Еламан

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2025 жылғы 29 мамырда «Ақтөбе облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Бокстен олимпиада резервін даярлайтын балалар-жасөспірімдер облыстық мамандандырылған спорт мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (тапсырыс беруші) мен жеке кәсіпкер «Nur-Adil» Н.Т.Еламанмен (өнім беруші) арасында «өткізілмеген мемлекеттік сатып алу бойынша бір көзден сатып алу» мемлекеттік сатып

Құжатқа қол қойылған: Жұбатова Ж. С., 18.08.2025
Заңды күшіне енген күні: 22.09.2025, судья Жұбатова Ж. С., 23.09.2025
1513-25-3-1/2031

алудың қорытындылары негізінде №42 мемлекеттік сатып алу шарты жасалған.

Келісім шарттың жалпы сомасы 25 000 теңге құраған.

Өнім беруші шарттың №1 қосымшасына және техникалық ерекшелікке сәйкес автомобиль көлігі иелерінің азаматтық - құқықтық жауапкершілігін сақтандыру бойынша қызметтер 2025 жылдың 31 желтоқсанға дейін жеткізіп беруге міндеттелген.

Шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасы жауапкермен енгізілген.

2025 жылы 5 маусым күні мекеменің қызметтік автокөлігінің сақтандыру полисі мерзімінің аяқталуына байланысты, аталған қызмет түрі бойынша жауапкерге қызмет көрсету бойынша талап берушіден өтінім түсті.

Алайда, сақтандыру қызметі лицензиялық қызмет түрі болғандықтан жауапкер, қызмет көрсетуді келісім шартқа қол қоя тура жасай алмайтындығын хабарлады.

Сөйтіп, қызмет жасалынбады, жауапкер тарапынан шарттық міндеттемелер орындалмаған.

2025 жылы 5 маусым күні жауапкермен келісім шартты бұзылу туралы хабарлама жиберілген.

Келісім шарт 2025 жылғы 5 маусымда бұзылды.

Талап қоюшы сотқа талап қою беріп, онда шарттық міндеттерін орындамағаны үшін жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды талап еткен.

Сот отырысында талап қоюшының өкілі талап қоюда келтірген уәждерін қолдап, жауапкермен шарттық міндеттемелерің орындалмауына байланысыты жаупкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды сұрады.

Сотта жауапкер талап қоюымен келісіп, келісім шарттың міндеттемелерін орындауға бас тартқан жоқ, алайда шартта көрсетілген қызметті жасалмайтындығын айты.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

АПК-нің 72-бабына сәйкес, әр тарап өзінің талаптарының және қарсылықтарының негізі ретінде сілтеме жасайтын мән-жайларды дәлелдеуі тиіс.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 272, 277 баптарына сәйкес (әрі қарай-АК), міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше және уақытылы орындалуға тиіс.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңының (бұдан әрі - Заң) 8-бабының 4-тармағына сәйкес, өздерімен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін тиісті түрде орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 4) тармақшасында көрсетілген жағдайда, тапсырыс беруші өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын және (немесе) шарттың

Құжатқа қол қойылған: Жубатова Ж. С., 18.08.2025
Заңды күшіне енген күні: 22.09.2025, судья Жубатова Ж. С., 23.09.2025
1513-25-3-1/2031

талаптарын бұзу фактісі туралы өзіне мәлім болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей мұндай өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінуге міндетті.

Талап қоюшы сотқа аталған талап қоюымен уақытылы жүгінген.

Сотта жауапкермен шарттық міндетін орындамағаны анықталды.

2025 жылғы 6 маусымда келісім шарт бұзылды.

АК-нің 359-бабына сәйкес жауапкер шарттық міндеттемені тиісті дәрежеде орындау үшін өзіне байланысты шаралардың барлығын қолданғандығы туралы сотқа қандай да бір дәлел ұсынған жоқ.

Мемлекеттік сатып алу заңнамасына сәйкес жауапкермен шарттың орындалмау салдары оны мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануға негіз болып табылады.

Сот, жауапкермен шарттық міндеттеменің орындалмау салдарынан талап қоюшы шарт жасасу кезінде үміт артуға құқылы болғанынан едәуір дәрежеде айрылып қалғанын ескере отырып, талап қанағаттандыруға жатады деп санайды.

Жоғарыда көрсетілген мән-жайлар негізінде, жауапкердің мемлекеттік сатып алу туралы келісім-шарт бойынша өз міндеттемесін орындамағандығын ескере отырып, сот талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабы қанағаттандыруға жатады деп тұжырымдайды.

АПК-нің 117-бабына сәйкес, жауапкерден жергілікті бюджетке 1 966 теңге мөлшерінде мемлекеттік баж салығы өндіріледі.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226, 229-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

«Ақтөбе облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Бокстен олимпиада резервін даярлайтын балалар-жасөспірімдер облыстық мамандандырылған спорт мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «Nur-Adil» Нұрәділ Темірбекұлы Еламан мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер «Nur-Adil» Нұрәділ Темірбекұлы Еламаннан жергілікті бюджет пайдасына 1 966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж салығы өндірілсін.

Шешімге Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің төрт жүз үш төрт жүз төртінші-баптарының талаптарын сақтап, Ақтөбе облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Ақтөбе облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына, осы кодексте белгіленген жағдайларды қоспағанда, апелляциялық шағым, прокурордың өтінішхаты шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен

Құжатқа қол қойылған: Жұбатова Ж. С., 18.08.2025
Заңды күшіне енген күні: 22.09.2025, судья Жұбатова Ж. С., 23.09.2025
1513-25-3-1/2031

бастап берілуі, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде беруі мүмкін.

Судья Ж.С.Жұбатова

Құжатқа қол қойылған: Жұбатова Ж. С., 18.08.2025

Заңды күшіне енген күні: 22.09.2025, судья Жұбатова Ж. С., 23.09.2025

«Төрелік» ақпараттық жүйесі
Сот өндірісі
Судопроизводство
Информационная система «Төрелік»